

туындыларының бактерицидтік қасиеттері бар. *n*-Оксибензой қышқылының эфирлері тағам концентраттары ретінде қолданылады [6]. *n*-Оксибензой қышқылы жоғары термотұрақтылығы бар полимерлік материалдар мен сұйық кристалдық полиэфирлерді синтездеу үшін қолданылады [7]. 2-Окси-3-нафтой қышқылының ариламидтері салқында бояу (азоидті бояулар) үшін кең қолданылады [8]. 1-Окси-2-нафтой қышқылы түсті фотоматериалдар мен коррозия ингибиторлары өндірісінде қолданылады [9].

Жоғарыда айтылғандай, оксибензой және оксинафтой қышқылдарын алудың ең маңызды өндірістік тәсілі Кольбе-Шмидт бойынша фенолдарды (нафтолдарды) карбоксилдеу болып табылады [10]. Кольбе-Шмидт реакциясы мен оның түрлі модификацияларының (Марассе әдісі, Вакер процесі және т.б.) көптеген кемшіліктерінің бірі сілтілік металдардың құрғақ феноляттарын (нафтоляттарын) алудың қиындығы мен энергияның көп қажеттілігімен (суды вакуумде айдау) және құрғақ феноляттардың (нафтоляттардың) ерекше су тартқыштығына байланысты оларды алдын ала синтездеудің қажеттілігі болып табылады.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты сілтілік металдар феноляттарын (нафтоляттарын) қолданбайтын фенолдарды (нафтолдарды) карбоксилдеу әдістері ерекше көңіл аударады. Бұл әдістердің бірі - профессор Х.А.Суербаев пен оның әріптестері [11-17] (әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-нің катализ, коллоидтық химия және мұнайхимиясы кафедрасы) жасаған оксиарендерді көмір қышқылының моноэфирлерінің сілтілік тұздарымен карбоксилдеу арқылы оксиароматты қышқылдарды алу әдісі болып табылады. Алкилкөмір қышқылдарының сілтілік тұздарын оксиарендерді карбоксилдеу агенті ретінде табысты қолдануға болатындығы анықталды. Бұл жасалған әдістің бірқатар артықшылықтары бар: арзан бастапқы шикізат, процесті жүргізудің жеңіл жағдайлары және технологиялық процесті қысқарту.